

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 2 ақпан

Отырысты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Д.З. ӘДІЛБЕКОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер және комитеттің кеңейтілген отырысына қатысып отырған азаматтар! Комитеттің кеңейтілген отырысын жүргізуге қажетті кворум бар. Бүгінгі отырысқа Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі Рахымов Қайрат Болатұлы бейнеконференц жүйесі арқылы қатысып отыр. Отырысты ашық деп жариялаймын.

Күн тәртібі бойынша қандай ұсыныстар болады?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Күн тәртібі бекітілді.

Комитеттің кеңейтілген отырысының күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қарастырылады.

Осы мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Рахымов Қайрат Болатұлына беріледі.

РАХЫМОВ Қ.Б. Құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті Сенат депутаттары! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы қолданыстағы заңнаманың құқықтық қайшылықтарын жою, сондай-ақ белгілі бір нормаларды Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің қауіпсіздік жөніндегі халықаралық нормаларына сәйкес келтіру үшін атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бағытталған.

Бұл үшін заң жобасында «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңы мен «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолдану кезінде әртүрлі түсінуді болдырмау мақсатында терминология мен ұғымдық аппаратты нақтылау қарастырылады.

Следующим блоком выступает разграничение полномочий и функций государственных органов в целях качественной реализации государственной политики в сфере радиационной безопасности населения, а также исключения дублирования полномочий.

Предоставление права персоналу, занятому на объектах использования атомной энергии, повторного прохождения аттестации с целью либерализации процедур прохождения проверки знаний.

Регламентация аварийной готовности и реагирования на ядерные и радиационные аварии при транспортировке ядерных материалов, радиоактивных веществ и радиоактивных отходов.

Включена необходимость проведения повторной экспертизы ядерной, радиационной, ядерной физической безопасности только в случае изменений в системах, оборудовании, проектной и эксплуатационной документации ядерной установки.

В результате принятия законопроекта ожидаются следующие правовые и социально-экономические аспекты:

устранение правовых коллизий действующего законодательства в части обеспечения безопасности и регулирования деятельности в сфере использования атомной энергии;

выполнение международных требований по безопасности МАГАТЭ;

разграничение полномочий государственных органов, что позволит повысить эффективность защиты окружающей среды и здоровья населения от вредного воздействия объектов использования атомной энергии.

Құрметті Сенат депутаттары, заң жобасын қабылдау келеңсіз әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарларға әкелмейді, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Қарастырылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ҚАНИЕВ Б.Н. Менің сұрағым Қайрат Болатұлына. Келісімшарт бойынша ТМД елдері арасындағы ядролық авария немесе радиациялық авариялық ахуал туындаған жағдайда оның тараптары бірлесе отырып жоюға бағытталған. Осы орайда елімізде ядролық және радиациялық авариялардың туындау қаупі бар ма?

РАХЫМОВ Қ.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Қазір елімізде жалпы жеті ядролық қондырғы бар, олар екінші санатқа жатады. Бізде атом электростанциясы жоқ, сол себепті ядролық залал келтіру ықтималы өте аз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ләззәт Тұяқбайқызы, сөз сізге.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Кайрат Болатович, у меня такой вопрос. Данным законопроектом закрепляется норма, согласно которой повторная экспертиза ядерной и радиационной безопасности будет проводиться только в случае произошедших изменений в системах и оборудовании. Если эксплуатирующая организация не уведомляет в срок уполномоченные органы и экспертную организацию о проведенных изменениях, к какой ответственности она будет привлекаться?

РАХЫМОВ Қ.Б. Спасибо за вопрос.

В случае такого происшествия предусмотрена административная ответственность, вплоть до приостановления деятельности. Это будет выявлено в ходе ежегодных проверок. Полугодовым графиком проверок практически все предприятия охвачены.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз сенатор Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет.

Құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті әріптестер! Докладчик подробно осветил ключевые аспекты проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам использования атомной энергии».

Целью законопроекта является совершенствование правового регулирования в сфере ядерной и радиационной безопасности, защиты здоровья населения.

Задачами законопроекта являются:

определение четких границ регулирования деятельности в области использования атомной энергии;

установление однозначных требований к объектам и субъектам регулирования;

повышение уровня ядерной и радиационной безопасности;

приведение в соответствие с международными требованиями и договорами в области радиационной безопасности.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

По законопроекту проведено четыре заседания рабочей группы. Всего обсуждено пять поправок, которые касаются следующего.

Приведение Закона «Об использовании атомной энергии» в соответствие с текстом законопроекта в части расширения перечня оснований для приостановления деятельности субъектов, осуществляющих деятельность в области использования атомной энергии.

Данная поправка снята рабочей группой с условием последующего внесения поправки Министерством энергетики в рамках другого законопроекта. Соответствующее письмо в адрес комитета поступило.

Две поправки касаются юридической техники и будут учтены в рамках пункта 45 Регламента Сената.

Одна поправка вносится в статью 2 законопроекта, это норма по уплате лицензионного сбора. Рабочая группа предлагает исключить обратную силу закона, так как усматривается ухудшение положения получателя лицензии.

Учитывая важность законопроекта, рабочей группой предлагается учесть указанные три поправки по пункту 45 Регламента Сената как

замечания редакционного характера, не меняющие правового содержания норм законопроекта, не включающиеся в сравнительную таблицу и учитывающиеся при оформлении подписного документа.

Уважаемые коллеги, учитывая вышеизложенное, прошу поддержать проект закона и направить его на рассмотрение заседания Сената, планируемого на 11 февраля текущего года.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, қосымша баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасы бойынша қандай ұсыныстар бар?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Заң жобасын Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығару туралы шешімді дауысқа саламын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс жоқ. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, Сенаттың жалпы отырысында негізгі баяндамашы Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Ноғаев Нұрлан Асқарұлы болады. Қосымша баяндамашы ретінде Еділ Құламқадырұлының кандидатурасы ұсынылады. Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешім қабылданды.

Қайрат Болатұлы, рақмет. Конференциядан шыға беруіңізге болады.

РАХЫМОВ Қ.Б. Рақмет. Сау болыңыздар.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Осымен комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Экономикалық саясат,
инновациялық даму және
кәсіпкерлік комитетінің төрағасы

Д. Әділбеков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева